ЖСН 621218301392
РК Жамбыл обл.
Тараз қ.,
Перепелкина тұйығы 3.
тел: +7 705 737 01 57
эл. пошта:aidild@mail.ru

ИИН 621218301392
РК Жамбылская обл.
г. Тараз,
ул. тупик Перепелкина 3.
тел: +7 705 737 01 57
эл. почта: aidild@mail.ru

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Жамбылской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

Данные Организатора, чьи действия обжалуется:
БИН: 161040004422
ГККП "Ясли-сад" Куншуак" отдела образования района Т.Рыскулова управления образования акимата Жамбылской области
Казахстан, 315035100, Жамбылская область, район Турара Рыскулова, Каракыстакский с.о., с.Каменка, ул. АЙДАШ БАЗАРКУЛОВ, д. 46

ШАҒЫМ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі бойынша

Мен, ЖК «Жеңіс» басшысы Айдилдаев А.А., Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК тарапынан өткізілген №16323668-1 «Ет өнімдерін сатып алу» мемлекеттік сатып алу конкурсы (лот №40029242-ОЛ-КППТСОПО1) бойынша конкурстық комиссияның әрекеттеріне шағым білдіремін.

Конкурстық құжаттаманың №8 қосымшасына сәйкес:
1-критерий:
Әлеуетті өнім берушінің соңғы 7 жылдағы осы өңірдегі жұмыс тәжірибесі:
Әр 12 ай үшін – 1 балл
Ең көбі – 5 балл
Ескерту:
Жұмыс тәжірибесі бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен, әр ай бойынша қабылдау-тапсыру актілерімен расталуы тиіс.

Заңнама нормаларының бұзылуы

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу мынадай қағидаттарға негізделеді:
   - әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;
   - әділ бәсекелестік;
   - ашықтық және айқындық.
2. Аталған Заңның 27-бабына сәйкес конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттама талаптарына қатаң сәйкес бағалануы тиіс.
3. Сонымен қатар, 43-бапқа сәйкес конкурстық комиссия ұсынылған құжаттардың дұрыстығын, толықтығын және шынайылығын тексеруге міндетті.

Алайда, конкурстық комиссия бұл талаптарды бұза отырып, келесі әлеуетті өнім берушілерге негізсіз балл берген:

1. «Утемғалиев Сарсембек Адайханович» шаруа фермерлік қожалығы бойынша

Ұсынылған құжаттарды талдау нәтижесінде тек 2023 және 2025 жылдары ғана толық 12 айлық расталған жұмыс тәжірибесі бар екені анықталды.

Сонымен қатар, 2019–2023 жылдар аралығындағы жұмыс өтілін растау мақсатында «Утемғалиев Сарсембек Адайханович» ШФҚ және оның серіктесі ЖК Бекболов Самат арасында мемлекеттік сатып алу конкурстарын өткізбей жасалған, шынайылығы күмән тудыратын (жалған болуы мүмкін) шарттар мен актілер ұсынылған.

Айта кету қажет, ЖК Бекболов Самат осы өңір бойынша өзге конкурстарға жеткізуші ретінде қатысқан тұлға болып табылады, бұл олардың өзара байланысты екенін көрсетеді.

Осыған қарамастан, конкурстық комиссия аталған өнім берушіге жұмыс тәжірибесі үшін 5 баллды заңсыз түрде берген.

2. Жеке кәсіпкер «Жеңіс» бойынша

ЖК «Жеңіс» ұсынған құжаттарға сәйкес оның жұмыс тәжірибесі ең жоғары 5 баллға толық сәйкес келеді.

Алайда конкурстық комиссия тарапынан оған тек 3 балл ғана берілген, бұл әділетсіз бағалау болып табылады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде сұраймыз:

1. Конкурстық комиссияның әрекеттері мен жеткізушілер ұсынған құжаттарға жан-жақты тексеру жүргізуді;
2. Дұрыс емес мәліметтер ұсыну белгілеріне құқықтық баға беруді;
3. №1 критерий бойынша берілген баллдарды негізсіз деп тануды немесе толықтай түсініктеме беруді;
4. Конкурстық өтінімдерді бағалау нәтижелерін қайта қарауды;
5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, кінәлі тұлғаларды заңда белгіленген жауапкершілікке тартуға дейінгі шаралар қабылдауды сұраймыз.

Шаралар қабылданбаған жағдайда, уәкілетті органдарға жүгіну құқығымызды өзімізде қалдырамыз.При этом:.

Директор **Айдилдаев А.А.**

18.03.26г.